Арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бір оқушының болса да білім сапасының жоғарылауы ұлтымыздың саналы келешегіне қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет.

«Бәріне бірдей мүмкіндік» принципін ұстанатын инклюзивтік білім берудің енгізіле бастағанына көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбіне «Сапалы білім - барлығы үшін» түсінігімен бірге қолданылады. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау.

Инклюзивті оқыту барлық балаларға тең мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың тең құқығын анықтап, ұжымға белсене араласуға жағдай туғызады. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытады. Білім берудің бұл тәсілі балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгертеді. Жас ұрпаққа жан-жақты білім, тәлім-тәрбие беру әрбір оқытушының басты міндеті. Инклюзивті білім беру-оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына, білім алушылардың өзгеде санаттарымен тең қолжетімді, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу.

Қазақстанда «Бәріне бірдей мүмкіндік» деген статусты қолданатын инклюзивті білім беру бағдарламасының енгізілгеніне де көп болмады. Бұл термин көбіне «Сапалы білім барлығы үшін» түсінігімен бірдей болып келеді. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі баламен басқа да, әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру және соған жағдай жасау. Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені, біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбінде арнайы мектеп-интернаттарында білім алады. Инклюзивті білім беру ең алғаш рет шетелде дамыған. Шетел ғалымдары: Ян Амос Коменский, Сайман Лори, Фрэнсис Бэкон осы инклюзивті білім беруді зерттеген. Инклюзивті білім беруді ресейде танытқан және этнопедагогиканың негізін алғаш салған ресейлік ғалымдар К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский болды. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден ажырату жүйесінің құрылуына қарамастан, республикалық инклюзивті білім беру ісін енгізуде қоғамның дайын болмауына байланысты бірқатар қиындықтарға кезігеді. Оның ішінде инклюзивті білім беру дағдысы бар педагог мамандар даярлау мәселесі. Арнайы мекемелер үшін білімді кәсіби дефектолог-мамандар даярлау. Дайындық жұмыстары жүйелі және ұзақ мерзімді жүргізілсе, инклюзивті білім беруді тұрақты сипатқа айналдыруға болар еді. Негізгі мәселелердің бірі-жалпы мектептердегі мұғалімдер кемтар бала сыныпқа келген кезде, оны қандай оқулықтармен оқытатынын, қандай әдістемелік құралдарды қолданатынын білмейді. Бұл жағдайлардың артынан туындайтын мәселе-кадр жеткіліксіздігі.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция аясында инклюзивті білім берудің ұлттық жоспарын жасап, сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін, қоғамдық институттардың тәжірибесін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды үздіксіз оқытудың тұжырымдамасын жасау аса қажет болмақ. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі. Осыған орай әрбір мұғалімнің бағдарламаға сай электрондық оқулығының болуы, үлгерімі төмен және мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке жұмыс жасау жоспары болуы керек. Әрбір оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың диагнозына қарай жұмыс жасаса, оқушының білімге деген құлшынысы артып, өзіндік дарындылығы айқындала түседі деп ойлаймын. Инклюзивті мектеп-бұл, ең алдымен, адамдардың өмірлік стилі болып келетін және сыйлауды үйрететін демократиялық

мектеп. Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беру процесінің енгізілуі тек жаңа пайда болған мәселе ретінде қарастырылып отыр. Қазіргі кезде бұл мәселенің шұғыл шешілуі қажеттілігіне даму ауытқуы мен тежелуі бар балалар санының артып келе жатқандығы айғақ бола алады. Арнайы мектеп, интернаттар кеміс балалардың барлығын оқытып, тәрбиелеуге қауқарсыз.

Инклюзия-мүмкіндігі шектеулі оқушылардың өзінің күшіне сенуіне мүмкіндік беруі. Инклюзия тек дамуы шектелген балалардың ғана емес, басқа да балалардың мүддесін көздейді. Қазақстан Республикасы егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болғанына 28 жыл болды. Осы жылдар ішінде көптеген жұмыстар атқарылып, еліміз көркеюде. Жаңадан қалыптасып келе жатқан Қазақстанда инклюзивті білім беру саласы енді ғана қолға алынып, даму үстінде. И.Гете: «Біліп қана қою-аз, сол білгеніңді істе қолдана білуің керек, ниеттену ғана аз, сол ниетіңді іске асыруың керек», -деп бекер айтқан жоқ. Мүмкіндігі шектеулі балаларды түзетудің негізгі жүйесі инклюзивті білім беру ғылыми теориямен өзіндік үндестігін тапса, еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандарға деген көзқарас оңалар еді деп ойлаймын. Инклюзивті білім беру компьютермен, интерактивті тақтамен және жаңа технологиялармен қамтамасыз етілсе, болашақта мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесінде ешқандай кедергілер болмайды деп ойлаймын. Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып отырған инклюзивті білім беру жүйесі болашақта еліміздегі білім алуда ерекше қажеттілігі бар тұлғаларды әлеуметтендіру мен білім берудің іргетасы болып қаланбақ. Сондай-ақ мұндай оқыту арқылы мүмкіндігі шектеулі бала өз қабілетіне сай, ата-анасынан алшақтамай, яғни арнайы мектеп-интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай, өзінің тұрғылықты жерінде білім алады. Қоғаммен біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ал әлеуметтік бейімделу, өз кезегінде, кемтар балалардың қоғамдық ортамен белсенді араласуына мүмкіндік туғызып, жалпы жағдайын жақсартады. Қазіргі уақытта мен сыныбымда инклюзивті оқушымен жұмыс жасап отырмын. Сол оқушымен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Сол себепті математика сабағында көбейту кестесінің әр түрлі жолдарын үйретемін. Мысалы: Бірінші сыныптан бастап баланы 2-ден, 3-тен санап үйрету. Мысалы: 2-4-6-8-10 немесе 3-6-9-12 т.с. Бұл дағдыны автоматикаға дейін жеткізу керек, сонда көбейту кестесін де оңай жаттап үйренеді.

#### **«Бинго» ойыны**

Сіздің балаңыз немесе оқушыңыз 6 да 6 шаршы кестені қалауынша кез-келген бір, екі таңбалы сандармен толтырады. Сіз мысал келтіресіз: 5x4-ім егер оның шаршысында 20 саны бар болса оны сызып алады. Осылайша өз шаршысының барлық сандарын сызып алғанша көбейту кестесінің комбинацияларын атап шығасыз. Осы ойынды отбасымен ойнаған жақсы. Бингоны бірінші кім ұтып алады екен? Қандай сыйлық алар екен?

#### **«On -line» үрдісі**

Онлайн материалдарын қолданыңыз. Интернет желісінен түрлі викториналар мен көбейту кестесіне арналған ойындарды, тестілерді орнатып алыңыз. Оларды қолдан да жасауға болады, бірақ балаға (оқушыға) компьютермен жаттап үйрену қызықтырақ болады, әрі ақпараттық технологиямен жұмысын жетілдіреді.

#### **«Картофиксика»**

Алдымен қарапайым карталар коллодасының суретті карталарын жетпейтін сандармен белгілеп аламыз. Мысалы: тұз – 5, король – 4, дама – 3, валет – 2. 1-ге көбейтуді ауызша қайталауға болады. Егер белгілеуде шатассаңыз өз қолыңызбен карта жасап алған қызықтырақ болады. Енді ойнаймыз! Карталарды тең бөліп алып кезекпен бір –бірімізге карта ұсынамыз, егер дұрыс жауап берсе екі картаны да алады. Қателессе карталар сізде қалады. Осылайша карталар біткен кезде оларды санаймыз. Ойын мақсаты: барлық карталарды жинау. Ең бастысы бала ойын арқылы көбейту кестесін бекітеді.

Қыздарға 2-ге көбейту кестесі бойынша мынадай сұрақтар қоямын:

Егіз қыздарға неше туфли қажет?

Үш қуыршақта неше аяқ бар?

Бір қалтада 5 кәмпит бар. 2 қалтада неше кәмпит?

Ұлдарға 2-ге көбейту:

Екі бала екі доппен ойнады. Барлығы неше доп?

Үш балаға екі шаңғыдан неше шаңғы керек?

Екі ұл үш садақтан жасады. Барлығы неше садақ?

Ата-аналар мен отбасы мүшелерін балаларына педагогтармен, құрбыларымен байланыс орнатуда көмек беру мақсатында сыныптың қоғамдық өміріне жұмылдыру маңызды. Ол үшін.

Баласының даму барысы мен оқу жағдайын білуі үшін ата-аналар мұғалімдермен жиі кездесуі керек.

Жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын жасауға ата-аналар қатысуы керек.

Оқу мен тәрбиенің жеке бағдарламасын жүзеге асыру міндеттері мен жауапкершіліктерінің белгілі бөлігін ата-аналар өз мойындарына алуы керек.

Әр тоқсан аяғында ата-аналар өз балаларының оқудағы жетістіктері туралы есеп алуы керек.

Ата-аналар мектеп іс-шараларына шақырылып, мүмкіндігінше мектептің шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатыстырылуы керек.

Ата-аналар мұғалімдерге арналып ұйымдастырылған семинарлар мен тренингтерге қатыса алады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың ата-аналары бір-бірінен үйренетін, жалпы білім беретін мектепте олардың балаларын оқыту мен енгізу тәжірибелерімен алмасуға болатын жергілікті ассоциацияны құра алады.

Мұғалімдер баланың туыстар ортасында қалай өзін өзі ұстайтынын білу үшін үйіне барып көру отбасын керек.

Екі тараптың (мұғалім мен ата-ана) өзіне алған нақты міндеттері екі тарапты да тәртіптейтін жазбаша келісім-шартта тіркеліп, қол қойылып бекітілуі мүмкін.

Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. ПДТ қығушылығының жеткіліксіз көрінуі жадысының бұзылуы, есту және көру түйсігінің жетіспеушілігі, нашар қозғалуымен үйлеседі.

Танымдық белсенділігінің төмендеуі балаға қажетті мектептегі оқытудың алғашқы баспалдақтарында жасына сәйкес қоршаған орта, практикалық дағдылар туралы білім қорының шектеулілігін тудырады. Қорыта келе, мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету жұмыстарын неғұрлым ерте бастасақ, соғұрлым қайтарымы үлкен болады. Өз уақытында бұл заңдылықты Ян Амос Коменский айтқан болатын «Барлық тіршілік иесінің табиғаты сондай, олар икемді болып табылады және нәзік жас кезінде олар тәсілдерді жеңіл қабылдайды, қатайып кеткен соң, оларға қалыптасу қиын болады. Жұмсақ балауызды оларға түрлі пішін беріп сомдауға болады, ал егер қатып қалса, оны сындырап тастау оңайырақ» -деп жазды. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

#### **Әдебиет:**

1. Адырбаева М.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық – медициналық педагогикалық консультацияның жұмыс барысы. -А, 2011. – 30-35 Б.

2. Буркиев М.Ж. 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың ерекшелігі республикалық-практикалық конф. материалдары. - Қ, 2009. – 3-15 Б.

3. Батырғалиева А.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу жолдары. - А, 2011. – 17-25 Б.

4. Батырғалиева А.С. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу жолдары. - А, 2011. – 10-19 Б.

5.Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыру © Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016 жыл.

*Сейткалиева М.М.  
Директордың ғылыми-әдістемелік  
жөніндегі орынбасары,  
бастауыш сынып мұғалімі,  
педагог-зерттеуші*

### **Мектептерде инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерінің бірі инклюзивтілік болып табылады. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының баптарында барлық деңгейлерде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың білім алушыларға тиісті білім беру бағдарламаларына, түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қолдауға тең қол жетімділігін қарастыратын білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен принциптері ашылған. Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік құқықтық базасы білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне білім беру ортасының бейімделуін қамтамасыз ететін педагогикалық тәсілдердің негізінде барлық білім алушылар үшін олардың тұрғылықты жерлері бойынша бірдей білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге негізделген.

Алғаш рет халықаралық практикаға сәйкес «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңындағы «дамуында мүмкіндігі шектеулі тұлғалар (балалар)» ұғымының орнына «ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар)» жаңа ұғымы енгізілді. Бұл фактінің басты мәні қоғамды ізгілендіру көзделген инклюзияның мәніне негізделген.

Адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық шарттарға, ең алдымен Адам құқықтары туралы БҰҰ Декларациясына, Мүгедектердің құқықтары туралы, Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенцияларына қосылып, Қазақстан Республикасы жалпы адамзат құқықтарын сақтау, атап айтқанда, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алу құқығын қамтамасыз ету бойынша өзіне міндеттемелер алды. Қазақстан Республикасының Конституциясына және білім беру, оңалту, әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамаға сәйкес мемлекет инклюзивті білім беруді енгізу арқылы әр баланың қабілеттерін, мүмкіндіктерін және қызығушылықтарын ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс. Елімізде инклюзивті білім беруді дамытудың бастапқы кезеңі инклюзивті білім берудің жай-күйіне талдау жасауға және проблема бойынша бірқатар нормативтік құқықтық, нұсқамалық құжаттар, талдамалық материалдар мен ғылыми жарияланымдар дайындауға мүмкіндік берді. Қазақстанда инклюзивті білім берудің ұғымдық аппаратын, принциптерін, сонымен қатар инклюзивті білім беруді іске асыру тетіктерін қозғаған бірқатар маңызды нормативтік құқықтық құжаттар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 534) бекітіліп қабылданған Инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешені инклюзивті білім беру саласындағы стратегиялық құжат болып табылады. Инклюзивті білім беруді дамытудағы келесі маңызды кезең 2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (2015 жылғы 1 маусымдағы № 348) бекітілген, Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін әзірлеу және бекіту болды, онда баршаға арналған сапалы білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету басым принцип деп жариялады және инклюзивті білім беруді дамытуды ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындады. Адам құқықтары саласының негізін құрайтын халықаралық құжаттарға және қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басым міндеттеріне сәйкес Тұжырымдамалық тәсілдерде инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары атап көрсетілді. Бұл бағыттар инклюзивті білім беруді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз ететін институционалдық ортаны дамытуды, ғылыми-педагогикалық негіздер мен кадрлық, оқу-әдістемелік әлеуетті қалыптастыруды қамтиды.

Білім мазмұнын жүйелі жаңарту және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету бойынша еліміздегі барлық білім беру деңгейлері алдында қойылған міндеттерді іске асыру жолында



психологиялық-педагогикалық қолдауды, «кедергісіз» ортаны дамыту, арнайы жабдықпен жарақтау үшін, арнайы түзету ұйымдарына ресурстық және әдістемелік орталықтардың мәртебесін беріп, олардың әлеуетін пайдалану үшін, жеке білім беру бағыттарын әзірлеп және қолдана отырып, білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнының икемділігі мен нұсқалылығын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау бойынша үлкен жұмыс атқарылуда. Заманауи қазақстандық білім беру үшін бұл жаңа тәсіл, оның басымдығы айдан анық және оның мәні осы мектепте оқитын барлық білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін икемді бейімделген білім беру ортасын құруда, оқушылар, педагогтер және ата-аналар ұжымдарын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайындауда және қауымдастықта төзімділік, мейірімділік, өзара құрмет дағдыларын қалыптастырып жатыр. Жалпы білім беретін мектептің штатына психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары: психологтар, логопедтер, педагог-дефектологтар енгізілуде, тиімді жұмыс істеу үшін оларға командалық тәсілдерді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдауды барынша дараландыру технологияларын меңгеру қажет. Оқушыны қолдауда, оны оқыту процесін дараландыруда негізгі рөл мұғалімге тиесілі екенін атап өткен жөн.

Инклюзивті білім берудің принциптерін іске асыру қарапайым жалпы білім беретін мектептің ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды әлеуметтік жағдайына, физикалық, эмоционалдық және зияткерлік дамуына қарамастан қабылдауы және олардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық әдістер мен тәсілдердің негізінде оларға жағдайлар жасауына байланысты.

Осыған байланысты, мектептің әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы мынадай маңызды мәселелерді шешулері қажет, атап айтқанда:

- барлық білім алушылар үшін барынша қолайлы білім беру ортасын құру;
- жеке білім беру траекториясын іске асыруда әрбір білім алушыға көмек көрсету;
- педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру және білім беру процесінің барлық қатысушыларының арасында инклюзивтік мәдениетті дамыту;
- тиімді жеке білім беру бағдарламаларын қалыптастыру.

Мектепте аталған міндеттерді орындаудың табыстылығы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қолдау жүйесін ұйымдастырудың сапасына тікелей байланысты. Сонымен қатар, жалпы білім беру ортасына «қосу» проблемасы арнайы білім беруге шоғырланбағанын, керісінше барлық балалар үшін тиімді білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталғанын ескеру қажет. Бұдан басқа, бүгінгі күні жаппай білім беретін мектеп мұғалімдерінің арасында ерекше балалармен жұмысқа қажетті дайындықтың жоқтығы барынша өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Ол арнайы білім беру саласында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің жетіспеушілігіне, психологиялық тосқауылдар мен кәсіби стереотиптердің болуына байланысты. Сондықтан, мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету маңызды болып табылады. Осы орайда «инклюзивті қоғамға көшу» адамдар арасындағы айырмашылықтар тұрақтылық қауіпі ретінде емес, өзара бір-бірін байыту қоры ретінде қарастырылатын әлеуметтік қарым-қатынастарды қалыптастыру терең және күрделі процесс екендігін түсінген жөн. Инклюзивті процестерді іске асыратын заманауи мектеп толерантты қоғамның және жоғары инклюзивті мәдениеттің нышаны бола отырып, ең алдымен толығымен және сөзсіз инклюзивті білім берудің 8 негізгі принциптерін қабылдап сақтауы қажет.

1. Адам құндылығы оның қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталмайды.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Бүгінгі таңда кеңестік жүйеден шыққан барлық елдер трансформация мен интеграция процестерінен тұратын білім беру жүйесін жаңғырту жолымен жүріп келеді.

Білім беру жүйесіндегі мүгедектерге қарым-қатынас.

1. Ерекше қажеттілігі бар бала қарапайым мектепте немесе арнайы ұйымда оқитынын тек ата-анасы (бала үшін жауап беретіндер) таңдай алады.

2. Егер ата-ананың қалауы жалпы сыныпта бәрімен бірдей оқыту болса, жалпы білім беретін мектептер ерекше қажеттілігі бар бала үшін қажеттінің барлығын жасауға міндетті

3. Сол үшін қажеттілігіне байланысты мектеп лифттер, мүгедектер арбасына арналған орындар және т.б., яғни, барлық инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

4. Егер бала кейбір сабақтарға сыныбымен бара алмаса, оған бұл сабақтар жеке өткізіледі. Мысалы, дене бітімі бойынша ерекше қажеттіліктері бар бала дене шынықтыру сабағына қатыспай, оның орнына мүмкіндігіне сай мұғаліммен арнайы тағайындалған жаттығулар жасап дайындалса болады.

5. Егер бала бағдарламаны барлығымен бірге меңгере алмаса, оған арнайы бағдарламамен сабақтарға баруды ұсына алады. Мысалы, ол сыныппен бірге музыка, дене шынықтыру, қоғамдық ғылым пәндеріне бара алады.

Мектептерде тьюторлықты енгізу инклюзивті мектеп жағдайында балаға оны табысты оқыту және әлеуметтендіру шарттары үшін бағдарланған тиімді, икемді қолдау жүйесін құрудың маңызды ресурсы болып табылады. Мектептің инклюзивті сыныптарында оқыту жалпы, сонымен қатар арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады, олардың негізінде жеке білім беру бағдары құрастырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әрбір инклюзивті сыныпта ерекше білім беруге қажеттілігі бар екі баладан артық оқытылмауы тиіс (19-тармақ). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ббтармағына сәйкес «сыныпта мүмкіндігі шектеулі балалар болған жағдайда сыныпты топтарға бөлу осындай әр балаға барлық оқушының санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады». Бұл жағдайда бір оқушы қосылғанда сыныптың толықтырылуы 23 оқушыны, екі бала қосылса – 21 оқушыны құрайды. Ерекше қажеттіліктері бар әр балаға қатысты мұғалімдер оқыту процесінде жеке тәсілдер қолдануға тиіс. Баланы және оның дара болу құқығын жоғары құндылық деп мойындай отырып, Х.Доспанова атындағы орта мектептің педагогикалық ұжымы дамыту ортасын құрып, айналадағы адамдардың «баланың ерекше әлеміне» көзқарасын өзгерту үшін жұмыс істеуде.

Мектебімізде психикалық дамуы тежелген балаларды қолдау бойынша инклюзивті оқыту жағдайында да балаларды қамтамасыз етіп отырмыз. Психикалық дамуы тежелген балалар ең кең таралған топты құрайды, олар біртекті емес және полиморфизммен сипатталады. Психикалық даму тежелісі – бұл психикалық даму қарқынының баяулау, көбінесе ол мектепке оқуға келген кезде анықталады және жалпы білім қорының жетіспеушілігінен, түсініктерінің шектеулі болуынан, ойлау қабілетінің жетілмеуінен, ойын әрекетінің басымдығынан және зияткерлік әрекетпен айналысуда қабілетсіздігінен байқалады. Бірақ бұл ретте оларда байқалатын «жақын даму аймағы» осы бұзылысты ақыл-ой кемістігінен саралауға мүмкіндік береді. Оқыту мен тәрбиелеу үшін церебралды-органикалық генездің психикалық даму тежелісі едәуір қиындық тудырады. Осы санаттағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде біздің педагогикалық ұжым осы жағдайларды және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде мамандарға да (логопедтерге, дефектологтарға және психологтарға), сонымен бірге мұғалімдерге ерекше рөл бөліп оыр.

Дамуында ерекшеліктері бар балаларды біріктіру бойынша мақсатты бағытталған жұмыс оларды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасап қана қоймай, сонымен бірге дамуы қалыпты балалардың да әлеуметтік және эмоционалдық дамуын байытады. Оқушының белсенділік процесі қолдау көрсететін мұғалімнің үнемі бақылауында.

Мектепте қолдау көрсететін педагог пен салалық маман мынадай функцияларды атқарады:

- мектеп әкімшілігі (оқу жылына, тоқсанға, айға, аптаға) бекітетін жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Жоспардың мазмұны таңдап алынған қолдау моделімен, білім алушы үшін айқындалған бағыттардың ерекшеліктерімен анықталады. Осы жоспардың негізінде алып жүруші мұғалім мен маман жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастырады;

- күн сайын бақылау күнделігіне білім алушылардың қатысуы мен үлгерімінің есебін жүргізеді;

- апта сайын оқушылардың оқытудағы үдерісін бақылайды, білім алушылардың табыстары мен орын алған қиындықтар туралы ата-аналарына хабарлайды, ата-аналар үшін кеңестер мен ұсынымдар (ауызша және жазбаша түрде) береді;

- тоқсанына бір рет оның функционалына сәйкес келетін оқушы портфолиосының бөлімін толтырады (оқу материалын меңгеру деңгейі, өзіндік жұмысқа даярлық дәржесі, сабақтарда және сабақтан тыс әрекетте белсенділігі, зерттеу және жобалау дағдыларын дамыту);

- тоқсан, жартыжылдық аяқталғаннан кейін алдын ала үлгерім қорытындыларын шығарады және оқушылармен бірге олқылықтарды жою жоспарларын құрастырады;

- директордың жанындағы кеңестерде, педагогикалық кеңесте атқарылған жұмыс пен оның нәтижелері туралы есеп береді. Инклюзивті білім беруді дамыту - инклюзивті қоғамға жасалған

алғашқы қадам. Қазіргі таңда адамзат қызметінің барлық салаларына инклюзияны енгізу және оны дамыту бойынша жұртшылықтың күшеюі байқалады. Инклюзивті білім берудің проблемалары негізінен жақында ғана зерделеу нысаны болып табылған білім беру ұйымдары мен мемлекеттік органдар болып табылады, қазір көптеген әлеуметтік институттар да ерекше бақылау назарына ие бола бастады. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдар ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға сапалы білім беру қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ету проблемаларын шешуге белсенді қатысуда. Олардың өкілдері үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-әрекет ету байланыстарын орнатуға қатысады, жұртшылықты қатыстыра отырып, ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етеді, көптеген жобаларды іске асырады.

«Аутизмді балаларды жалпы білім беретін және әлеуметтік ортаға бейімдеуді ұйымдастыру» мұндай күрделі жағдай жалпы білім беретін ұйымдарда ғана емес, сонымен қатар арнайы білім беру ұйымдарында да орын алып отыр, сондықтан көбінесе аутизмді балаларды үйде оқытуға шығарып оқытып отырмыз.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқу күні барысында сыныпта, жеке сабақтарда, үзіліс кезінде, басқа да шараларды орындауда тікелей қолдауды жүзеге асыратын педагог. Педагогтің негізгі міндеті – білім беру ортасында бейімделуде, білім беру дағдыларын, бейімді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда балаға, оның ата-анасына және білім беру процесіне басқа да қатысушыларына көмек беру. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және білім беру арқылы тұлғаның білім беру әлеуетін, өзін өзі дамыту әлеуетін толыққанды іске асыру болып табылады.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту үшін жалпы білім беретін мектептерге ұсынынысым:

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары;

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі білім басқармасының ұсынысымен әзірленсе.

Мектепте мүгедек балалар үшін санитарлық бөлмелерде көтергіш құралдар, пандустар, арнайы құрылғылар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жарақтандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылса.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалса (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық алып жүрудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы).

Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техника мен компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етілсе.

Жоба тиімділігін бағалау критерийлері

1. Балалардың түрлі даму деңгейіне сай, сыныптар мен топтардағы табысты жұмысты қамтамасыз етудің ұсынымдарын игеруі.

2. Дамуында ауытқуы бар балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмысты ұйымдастыра білуі.

3. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды жәйін бағалау жүйесін меңгеруі.

4. Оқыту мен тәрбиелеудің дара оқу жоспарларын жасауды меңгеруі.

#### **Әдебиет:**

1. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 -III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы <http://online.zakon.kz>

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://edu.gov.kz>

3. Podemski R. S Comprehensive administration of special education. Columbus, OH, 1995. -P. 286-288  
4. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. -М.: 2011

5. Инклюзивтік білім беруде әдіснамалық және оқу-әдістемелік сүйемелдеу бойынша тәсілдеме ұстанымдарын табысты ендірудің әлемдік тәжірибесін талдау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015

6. Грозная Н.С. Инклюзивное образование за рубежом от мечты к реальности // Обзор материалов специального выпуска журнала «International Journal of Inclusive Education» 2011, № 1, vol.15. / [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://http://www.docme.ru/doc/35169/inklyuzivnoe-obrazovanie-za-rubezhom>.

7. EADSNE. Special needs education in Europe. [Electronic recourse]. - Retrieved from - <http://www.european-agency.org>

8. Всероссийский и Международный опыт по проблемам организации инклюзивного образования. Методические рекомендации для руководителей, педагогов [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://eduidea.ru/inits/199>

9. Алла Головки, эксперт газеты «Бухгалтерия: бюджет» (комментарий к постановлению КМУ «О внесении изменений в приложение 2 к постановлению Кабинета Министров Украины от 30 августа 2002 г. № 1298» от 08.07.2015 г. № 479) [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://buhbudget.com.ua/ru/journal/buhbudget/article/2966>

10. The Code of Practice on the Identification and Assessment of Special Educational Needs (Introduction) London: HMSO

11. Sh. Rustemier & M. Vaughan Are LEAs in England abandoning inclusive

12. Инклюзивное образование: Методическое пособие для непрерывного обучения дидактических кадров, работающих в области инклюзивного образования детей / Галина Булат, Родика Соловей, Вера Балан [и др.]; коорд.: Домника Гыну; Проект «Интеграция детей с ограниченными возможностями в общеобразовательные школы», Fondul de Investiții Sociale din Moldova, LUMOS (Protecting Children. Providing Solutions). – Кишинев

**Идрисов А.Н.**

*мектеп директоры*

*«№47 ЖОББМ» КММ*

*Тоқажанова Б.К.*

*директордың оқу-тәрбие*

*жөніндегі меңгерушісі*

*ШҚО, Семей қаласы*

### **Табысты оқыту және құзырлы мұғалім**

*Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса,  
соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек.  
Неміс педогог-дефектолог П.Шуман.*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында елімізде білім беруді одан әрі дамыту мәселесіне үнемі көңіл бөліп, нақтылы міндеттер белгілеп келгені белгілі. Еліміздің білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді жетілдірудің де өзіндік орны бар, – деп жазады.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды, жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуіне, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамастан, балаларды бөлетін кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Демек, инклюзивті оқыту негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру мақсаты жатыр. Аталмыш категориядағы балаларға: есту, көру қабілеті зақымдалған, ойлау қабілеті баяу, тірек –қимыл аппараты зақымдалған, сөйлеу тілі зақымдалған балалар, т.с.с жатады. Осы бағытта ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты дамыған балалармен қандай жолмен, қандай әдіспен кіріктіріп оқытуды білу мен аталмыш бағыттағы сапалы мамандарды даярлау өте маңызды мәселе. Ол үшін бұл саладағы шетелдік тәжірибенің тиімді тұстарын ескере отырып, отандық тәжірибемізбен ұштастырып, аталмыш бағытты оңтайландыру қажет.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Инклюзивті білім беру - мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі

формаларды ығыстырмайды. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы қалыпты балалар сыныбында –тобында оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай ( жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі) қарапайым топтарда өткізіледі. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі. Толық дамуында ауытқулары бар балалар балабақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді. Кемтар балалардың ата-аналары көмекші не арнайы мектептерге, арнайы интернаттарға немесе балабақшаға баласын бергісі келмесе жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ның ұсыныс бойынша жеңілдетілген бағдарлама бойынша оқытуға толық құқылы. Жалпы білім беретін мектептер, балабақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген баланың деңгейіне қарай жеңіл бағдарламамен білім беруге тәрбиешілермен мұғалімдер инклюзивті білім беруге дайын болғаны жөн.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

9. Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті білім берудің мазмұны: Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

\* жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары:

\* мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті оқытуда қолданылатын әдістер:

- оқушыға ұсынатын тапсырмалар саны азаяды;

- оқу тапсырмасының көлемі азаяды;

- оқу тапсырмасының мазмұны жеңілдетіледі;

- оқушыға оқу тапсырмасы мұғалімнің кезең-кезеңмен бақылауымен бөлім бойынша ұсынылады;

- оқулықтан тапсырмалар мұғалім құрастырған тапсырмалармен ауыстырылады ;

- тапсырмаларды орындау үшін қысқа және анық нұсқаулар беріледі;

- оқушыға дауыстап немесе сыбырлап сөйлесуге рұқсат етіледі;

- оқу бойынша тапсырмалар саны азаяды;

- сынып алдында дауыстап оқуды талап етпейді;

- қайталауға көп уақыт бөлінеді;

- теориялық материалдардың саны азаяды;

- абстрактылы ақпаратта түсіндіріледі, нақты сөздер, суреттер, заттармен көрсетіледі;

- құралдарды (қарындаш, сызғыш, трафарет және т.б.) қолдану арқылы мәтінді оқу реттілігін қадағалау;

- қызмет түрі өзгереді;

- жаттауға қажет ақпараттар саны азайтылады;

- оқу үшін абзацтарға бөледі, басты ақпарат сызықпен сызылады;

- оқылған немесе тыңдалған мәтінге сұрақтар қою қысқартылады, сабақ кезінде қолдануға мүмкіндік береді;

- ережелер жинағы;

- ұқсас жаттығуларға мысал;

- диктанттың жартысын жазады;

- диктанттың әр екінші сөйлемін жазады зейін шоғырландыру үшін;

- орындалатын тапсырманың мақсатына міндетті түрде назар аударады;

- тапсырманы орындау кезеңдеріне мақсатты түрде назар аударылады;
- жетістіктері ескеріледі;
- мадақтаудың әр түрлі әдістері қолданылады.

Қазіргі уақытта мен мектеп бойынша инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаудамын. Жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады. Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс - әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайы да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады.

Шығыс Қазақстан облыстық психологиялық - медициналық және педагогикалық кеңес беру деректеріне сәйкес, Семей қаласы бойынша 2019-2020 оқу жылында инклюзивті білім алушылар саны 611, оның ішінде педагогикалық – медициналық психологиялық кеңес нәтижесімен 390 білім алушы. 2018 – 2019 оқу жылында 563 білім алушы, оның ішінде педагогикалық – медициналық психологиялық кеңес нәтижесімен 220 білім алушы болды. Мектеп бойынша 13 білім алушы педагогикалық – медициналық психологиялық кеңес нәтижесімен, 22 білім алушы мектеп кеңесінің шешімімен есепте тұр.

№ Жеңіл ақыл-ой дамуының тежелуі Психологиялық дамуының тежелуі Тіл кемістігі Астигматизм, миопия

1	қала	мектеп	қала	мектеп	қала	мектеп	қала	мектеп
2	120	0	305	26	94	7	87	2

Оқушының қажеттіліктерін бағалауды психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес мамандары жүргізеді. Бағалау нәтижелері бойынша ПМПК оқушыға арнайы педагогтың, ассистент-педагогтың көмегін, білім алудың варианттарын ұсынуы мүмкін: тұрғылықты жеріндегі жалпы білім беру сыныбында, арнайы сыныпта, арнайы мектепте. ҚР «Білім туралы» заңының 49 бабына сәйкес білім беру ұйымын таңдау құқығы ата-аналарға беріледі. Ата - аналар тұрғылықты жердегі мектепті таңдаған кезде, мектеп оқушыға мұғалімнің және қолдау көрсету мамандарының көмегін ПМПК ұсынымдарына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір бала үшін бағдарламаның әзірленуі оның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жеке әдістерді, тәсілдерді таңдауды және пайдалануды көздейді. Әрбір маман жеке зерттеу негізінде қандай бағыттар бойынша жұмыс істейтін, қандай әдістер мен тәсілдерді пайдалануға болатынын өзі шешеді. Психологиялық-педагогикалық жұмыстың адекватты әдістерін таңдау, баламен өз жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін заманауи және инновациялық психологиялық-педагогикалық технологияларын (арнайы және баламалы әдістерді) білуі және жақсы меңгеруі тиіс. Олардың кейбіреулері әдістемелік нұсқаулықтың әдеби көздері тізімінде ұсынылған, онда әр түрлі мамандарға арналған оқу-әдістемелік әдебиет көрсетілген.

Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала - ертеңгі азамат.

### **Әдебиет:**

- 1.Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті  
[/https://www.vkgu.kz/sites/default/files/files/education/sbornik\\_inkluziv\\_obraz.pdf/](https://www.vkgu.kz/sites/default/files/files/education/sbornik_inkluziv_obraz.pdf/)
- 2.Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері-  
<http://nao.kz/files/blogs/1440679747237.pdf>
- 3.Қазақстандағы инклюзивті білім беру- <http://www.voxpopuli.kz/kz/main/1134-qazaqstandaghy-inklyuzivty-bylym-beru-i-bolym-.html>
- 4.Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету /Әдістемелік нұсқаулық/

*Тулегенова З.З.*

*орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Боровской мектеп-гимназиясы» ММ  
Ғаббас Жұмабаев атындағы  
«Меңдіқара ауданы әкімдігі білім бөлімінің*

### **Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны**

«Барлық адам бір біріне қажет» деген сөздер инклюзивті оқыту принциптерінің бірі болып табылады, ал инклюзивті оқыту – білім алу барлық балаларға қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.

Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды кезеңі қазіргі уақытта инклюзивті білім беруге жататын адамдардың санатын кеңейтілуі, оларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады. Аталған қызмет жасау құжаттары ресми түрде Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған заңнамаларымен бекітілген.

Мен осы баяндамада жиналған әріптестерімен жалпы білім беретін мектебінде ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп оқыту жөніндегі іс тәжірибелік дайындығыммен бөліскім келеді. «Меңдіқара ауданы әкімдігі білім бөлімінің Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясы» мемлекеттік мекемесінде инклюзивті оқыту үдерісі аудандық арнайы жабдықталған түзету кабинетінің кәсіби мамандары, дәрігерлер мен ата-анармен тығыз байланыста ұйымдастырылған. Әрине, жалпы білім беретін мектептеріндегі пән мұғалімдері ерекше педагогикалық ықпалға мұқтаж білімалушыларға өз қызметін арнайы білімі бар мамандар ұсыныстары арқылы ұйымдастырады. Бірақ өзекті мәселенің бірі – дамуында аз ғана ауытқушылығы балаларға дәрісті дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Өйткені, біздің оқушыларымыз жалпы білім беретін мектепте оқытылатын, бірақ арнайы педагогикалық ықпалды талап ететін балалар. Біздің мектеп қызметінде келесі алгоритмден құрылған: 1) келген оқушыны толық қанда зерделеу, оның мүмкіншіліктерін анықтау, 2) ПМПК мамандары ұсыныстарын тиімді әдіс –тәсілдерді өзара- мектептегі шығармашылық топта талдап, іске асыру, 3) өз білімдерін арттыру, 4) ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болу, 5) арнайы мамандармен байланыста болу, 6) аталған қодаулар арқылы оқушыны өмірге бейімдеу. .

Жоғарыда айтып кеткендей, инклюзивті оқыту деген сөз баланы әлеуметтендіру, құрбы-құрдастарынан қалдырмай, өз бетінше осы өмірде сенімді орнын табуына арналған дәріс.

Ауылдағы мектепте бұл жұмыстың негізі – алдымызға келген оқушыны жан-жақты зерделеу. Оның медициналық, психологиялық, әлеуметтік жағдайымен танысу. Анықтамаларында көрсетілген диагнозы бойынша ізденіс салып, оқыту-тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру.

Алғашқы салмақ бастауыш сынып мұғалімдеріне және олардың қасында жүрген шағын орталық топтарының тәрбиешілеріне және мектеп психологы мен әлеуметтік ұстазға түседі. Мектептегі алғашқы қадамдарын балаға қалам ұстатып, әріп үйретіп, сауат ашу жолында мұғалім оның ата-анасымен тығыз байланыста болады. Бірақ барлық отбасының жағдайы бірдей емес. Оларға да

қажетті ақпарат беріп, кеңес беретін мұғалім. Осы бастауыш сынып мұғалімі сынып жетекшісі ретінде баланың болашағы жақсы болуына көп үлес қосады, ата-анасына да ақыл кеңесшісі болады.

Мұғалім өзінің жұмысын арнайы мекеме – Психологиялық медициналық педагогикалық Кабинеті мамандарымен тығыз байланыста жүреді.

Біздің Меңдіқара ауданында аудандық түзету кабинеті мамандары жақсы деңгейде қызмет атқарады. Өйткені, баланың ерекше педагогикалық ықпалды қажет ететінін алдымен мектепке дейінгі білім мекемесінің тәрбиешісі мен бастауыш сыныптар мұғалімі біледі.

Ата-анасымен бірігіп баланы бақылап, дамуында ауытқушылығы ерте анықтап, арнайы медициналық, психологиялық көмек алуына ең алғашқы себепші болатын мұғалім. Ата-анаға баласын осы ПМПК тексерісінен өтуіне ұсыныс жасайды.

Біздің түзету кабинетінің материалдық мүмкіншіліктері жақсы деңгейде. Сонымен қоса, жылқыға отырғызып емдеу, денені уқалап массаж жасайтын жаңадан қосылған қызметтері тағы бар.

Ата-аналар тарапынан баласына дос бола білген, өмірге деген құштарлығын арттыратын ата-аналар орны ерекше. Мысалы, бізде бір отбасында бала тумысынан мүгедек, оқу үрдісін үйден алады. Бірақ интеллекті сау. Анасының үнемі бақылауында болған бала өте зерек. Бастауышта шағын моторика жаттығуларына көп назар аударып, сурет салуды ұнатуын байқап, аудандағы өнер мектебінде бейнелеу сыныбында оқытты. Ол бала аудандық, облыстық, республикалық сурет сайыстарының жүлдегері атанды. Доғары сыныптарда өзі сұранып, қашықтық олимпиадаларға пән мұғалімдерімен дайындалып, қатысып жүрді. Соңғы кезде жүлделі орындарға ие болды. Мысалы, қазақ тілі, бейнелеу, информатика пәндері бойынша дипломдары бар. Осы ағымдағы 2019-2020 оқу жылы қыркүйек айында «Өнеге» интеллектуалды білім порталының Республикалық қашықтықтан өткізілген «Үздік ғылыми жоба» байқауында Арсен Аружан Бас жүлдені иеленді (мұғалімі Бекенова М).

Ал біздің мектебіміз аудан орталығында және жанында интернаты бар болғасын, сырттан жаңадан оқушылар келеді. Олардың арасынан дамуы шектелген немесе баса да ауытқушылығы бар оқушы болса, оның ата-анасымен бірігіп аталған мекемеге мамандарынан тексеруден өткізіп, кеңес-ұсыныстарын аламыз.

Оқушы баланың орта және буын оқу сатысына ауысқанда өзекті мәселе туындайды; балаға назар аудару азаяды. Дамуы шектелген бала жаңа ортаға бейімделуі оңай болмайды. Осы арада жанартылған білім беру бағдарламасы шеңберіндегі инновациялық технологиялар жақсы әсер етеді.

Осы орайда біздің мектеп ұстаздары өз білімдерін жетілдіру курстарына қатысып, дәріс алады. үнемі ізденіс үстінде жүреді. Нормативті құжаттарды зерттеп, талаптарымен ұсыныстарын іске асырады. Мысалы, ағымдағы оқу жылына арналған Әдістемелік-нұсқаулық хатында берілген «Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарында оқытудың ерекшеліктері» (287 бет) бетінде ««Жалпыға арналған» білім беру парадигмасының құрамдас бөлігі болып табылатын инклюзивті білім беру барлық балалардың жалпы білім беретін мектепке бару және зияткерлік немесе физикалық қабілеттеріне, мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни тиесілігіне қарамастан, құрбыластарымен бірлесіп оқу мүмкіндіктерінің теңдігін көздейтін тәсілді білдіреді. Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың қолданыстағы нормативтік құқықтық базасының басты постулаты – білім беру ортасын білім алушының жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне бейімдеуді қамтамасыз ететін, педагогикалық әдісті ескере отырып, олардың тұратын жері бойынша барлық білім алушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге негізделеді». Осы мақсатта курстарды, семинарларды, тәжірибемен алмасуды, сондай-ақ өз бетінше білім алуды қоса алғанда, біліктілікті және кәсіби шеберлікті арттырудың барлық ықтимал жолдарын пайдалану ұсынылады. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА (nao.kz) әзірлеген әдістемелік құралдар жалпы білім беретін мектептер басшыларының, мұғалімдерінің, білім беру бөлімдері мен басқармалары әдіскерлерінің, мамандарының білімдері мен құзыреттерін кеңейтуге арналған».

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті (франц. Inclusif – өзіне енгізетін, лат. Include – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-

2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Мемлекетіміздің елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл адамдар қажет. Еліміздегі сабақ беруші әрбір Қазақстандық мұғалімнің бүгінгі таңдағы атқаратын қызметі бойынша көтерер жүгі әрқашан салмақты әрі жауапкершілікке толы болып табылады. Адам ұрпағымен мың жасайды, - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес, миллиондаған жылдар жасап келеді. Ел Президенті Н.Назарбаевтың «тәуелсіздік тірегі – білімді ұрпақ» - деген сөзіне орай, жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Кезінде Мұхаммед пайғамбар айтқан екен: «Егер келесі өмірде жақсы өмір сүргің келсе, онда осы өмірде тақуа бол, осы өмірде жақсы тұрмыс кешсем десең саудамен айналас, ал егер екі өмірде де жақсы өмір сүргің келсе, білім ізде», - деп. «Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» деп М.Дулатов айтқандай, келешек ұрпақты білім нәрімен сусындататын, білім мазмұнын жақсарту, оны заман талабына сай игеру, оларды ел азаматы болуға, ақыл – ойын жан – жақты дамытуға ұмтылуға тәрбиелеп, шығармашыл тұлға, әрі ХХІ ғасырдың белсенді жалғастырушысы ретінде қалыптастыруды көздейтін білім беруші – ұстаз. Республикамыздағы жаңа білім концепциясына сәйкес пәндерді оқып үйрену оқушының өз бетімен жұмыс істеуін, оқушының жеке тұлғалық қасиеттері мен шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған үрдіс әрекетінде осының бәріне жетекшілік ететін, оқушы мен мұғалімнің арасындағы қарым – қатынастарды реттеп отыратын, өзінің іс - әрекетінде де барлығын түбегейлі жаңаша жасауы керек болатын, ізденгіш, талап қойғыш, кәсіби шеберлігі кемелденген, оқыту әдістемесінің барлық түрлерін меңгерген жан – жақты дамыған тәжірибелі мұғалім болу керектігін білдіреді. А.Дистервегтің баға беруінше – «нашар мұғалім оқушыға ақиқатты өзі береді (барлығын өзі айтып, түсіндіріп береді), ал жақсы мұғалім оқушының ақиқатты өзі іздеп табуын үйретеді». Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беру кез-келген ел үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл әркім өз әрекетінің қажеттілігі мен қатыстылығын сезіне білетін шын мәтіндегі инклюзивті қоғам құруға қажет шарт. Біз әрбір балаға оның сұранысы мен басқада жағдайларына тәуелсіз, қоғамға пайда әкелуге және оның толық қанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі.

Десекте қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы ретте мектебімізде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім берілуде.

Бірақ біз бұл ғасырдың өзге де болмыстық шындығы бар екенін мойындауымыз керек. Ол - жалпы білім беретін мектеп оқушылары құрамының физикалық, психикалық және сенсорлық даму деңгейлері бойынша бір текті еместігі. Әсіресе оқу мекемелеріне келуге дәрмені жоқ, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар, сондай-ақ мүгедек балалар жағдайы айрықша назар аударуды талап етеді. Мектеп алдында мынадай міндет тұр: оқушылардың, соның ішінде денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың ойдағыдай әлеуметтенуі үшін бірқатар біліктілік қабілетін қалыптастыру. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың жоғары қарқыны, телекоммуникациялық технологиялардың дамуы мен Интернеттің жаһандық желісі айрықша талаптары бар балалар алдынан білім алуда жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Мұндағы неғұрлым тиімді жұмыс формаларының бірі қашықтықтан оқыту болып табылады.

Үйде оқыту баланың оқитын мектебі тарапынан ұйымдастырылады. Үйде оқитын баланың білімі жүйелі түрде бағалануы тиіс. Олардың фамилиялары, үлгерімі, сыныптан сыныпқа көшуі мен мектепті бітіруі туралы мәліметтер тиісті сынып журналына ендіріліп отырады. Дамуында мүмкіндігі шектелген балаларға білім беру құқығын іске асыру саласындағы негізгі міндеті ретінде олардың психофизикалық ерекшеліктері есебімен көрсетілген санаттағы барлық балалардың сапалы білімді алуына жағдай жасалуда. Мүгедек балалар, денсаулығына байланысты тұрақты немесе уақытша білім беру ұйымдарына баруға мүмкіндігі жоқтар, үйден жеке бағдарлама немесе толық жалпы білім беру бойынша білім алуына қажетті жағдай жасауға міндетті. Орнын келтіретін қозғалыс және басқа реті бұзылған (мысалы, есту, көру қабілеті бұзылған), арнайы техникалық жабдықтың пайда болуына байланысты олардың сәтті әлеуметтік интеграция, мүгедектерге сапалы білім алуына мүмкін болады.



Үйден оқыту-бұл білім беру формасы, яғни бала үй жағдайында алатын, ал оқыту үрдісі жекеше оқыту жоспары бойынша іске асады. Бұл медициналық көрсеткіштері бойынша білім беру ұйымдарында тікелей оқи алмайтын балаларға ұсынады. Үйден жекеше оқытатын міндет интеллектісі бұзылған (бірінші немесе екінші тұрпаты) балалар үшін арнайы (түзету) мектептің бағдарламасын меңгеруде немесе мемлекеттік білім беру стандартында білім беру бағдарламасын оқушылардың меңгеруі болып табылады. Жекеше оқытудың нормативтік базасы білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті мен құқығын, оқыту үрдісін ұйымдастырудың жалпы ережесін анықтайды. Үйден оқытын балалармен, яғни денсаулығы мектеп қабырғасында білім алуды көтермейтін балалармен жұмыс істеу барысында жинаған аздаған тәжірибеммен бөліскім келеді.

Мұғалім әрдайым тек жеке бір пәнді оқытушы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны қалыптастырушы да болып тобылады, сол себепті сабақ үрдісінде тәрбиелік жағына да өте көп көңіл бөлу керек. Бүгінгі және ертеңгі Қазақстанға өте білімді, өзіне нық сенімді, өз ісінің жетік маман шеберлері қажет. Өз ісінің шебер маманы – ол үнемі ізденгіш, өз ісіне шығармашылықпен қарайтын, өз жұмысын өте сүйетін және жақсы білетін әрбір жағайларда шешімді жол тауып, жылдам да ұтымды қимыл - әрекет көрсететін адам. Ендеше қазір мектептің алдында тұрған міндет – дәл осындай мамандарды тәрбиелеп шығару. Сол мамандар арқылы экономикасы дамыған, әрбір тұрғыны өзін әлеуметтік жағынан қорғанышта екендігін сезінетіндей гүлденіп дамыған ел боламыз. Сол себепті білім беру жүйесінде болашақ мамандарды даярлай алатын, өз пәніне оқушыларды қызықтыра білетін, мәдени және рухани жағынан жоғары дамыған мұғалімдер жұмыс істеуі қажет.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов айтқан екен: «оқытудың үш жағы бар, үшеуі үш нәрсеге тіреледі: біреуі оқу құралдарына, екіншісі ақша – қаражатқа, үшіншісі жақсы мұғалімге», деп. Егер осы айтылған үш мәселенің бірі біріне сай келіп жатса, оқыту үрдісінде қиындықтар болмас па еді? Мен өзім мұғалімдік қызмет атқарып жүргендіктен, осы айтылған үш мәселенің екеуі мұғалімге қатысты айтылған деп есептеймін. Осы орайда мұғалімге тікелей қатысты мәселе – оқушылардың пәнге қызығушылығын ояту, ендеше бұған қол жеткізетіндей жолдарды іздестіру барысында мен осы жұмысымның тақырыбын «Жеке бағдарламамен оқытын оқушыларға физика пәніне қызығушылығын арттырудағы жаңа педагогикалық технологиялардың ролі» деп алдым. Үйден оқытын оқушыға физика пәнін оқыту үрдісі. Білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялар. Педагогикалық технологиялардың ішінен тиімдісін, ұнағанын таңдау бойынша үйден оқытын оқушының физика пәніне қызығушылығын арттыру жолдарын көрсету,

Мұғалім әрдайым тек жеке бір пәнді оқытушы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны қалыптастырушы да болып тобылады. Мұғалім ата-анамен әрдайым тығыз байланысты болуы. Егер жоғарыда айтылған А.Байтұрсыновтың сөзіндегі оқытудың бір жағы оқу құралына тірелетіндігі бойынша: жаңа дидактикалық материалдар жасалса (мұғалім арқылы), мұғалім педагогикалық технологияны тиімді қолданса, оқу материалдарының арасындағы логикалық байланыстар ашылып көрсетілсе, онда оқушылардың пәнге қызығушылығы артады, материалдарды нәтижелі әрі тиімді меңгереді, логикалық ойлау қабылеті артады, білім сапасының деңгейі артады. Әр педагогикалық технологияның тиімді жақтарын бөліп алу, модульдік технологияны қолдана оқыту арқылы пәнге қызығушылығын арттыру жолдарын анықтау, педагогикалық технологияларды қолдану мемлекеттік стандарт талаптарына сай келе ме, жоқ па, анықтау, мектептегі санитарлық – гигиеналық жағдайларды сақтауға бола ма, жоқ па, анықтау, оқу – сабақ режиміне сәйкес келе ме, жоқ па, соны анықтау. Бақылау әдісі, салыстыру әдісі, анкета жүргізу, тестілеу. Оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстыру және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшу әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Сабақ тақырыбы: Ньютон заңдары.

Сабақтың мақсаты: Белсенді әдіс-тәсілдер арқылы Ньютон заңдарын меңгерту.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар жаңа тақырыпты өткен тақырыппен салыстырып күнделікті өмірмен байланыстырып сыни ойлауға үйренеді. Жаңа сабақты меңгеру барысында формуланы, өлшем бірліктерді есеп шығару кезеңінде тиімді қолдана білу.

Дерек көзі мен құрал-жабдықтар: постер, маркер, смайликтер, таныстырылым, оқулық, бағалау парағы.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: «Сәйкестендіру» әдісі, «Инсерт» әдісі, «Көңілді түсті ұяшықтар», таныстырылым, бағалау.

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
-----------------	-----------------	---------------

<b>Ұйымастыру</b>	Шаттық шеңбер: «Жақсы көңіл күй».	Жақсы тілек айтады.
<b>Қызығушылығын ояту</b>	«Сәйкестендіру» әдісі арқылы өткен тақырыпты тексеру.	Оқушы сәйкестіктерді табу арқылы, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды.
<b>Мағынаны ашу</b>	1.«Инсерт» әдісі арқылы жаңа тақырыпты меңгеру. 2.«Ньютон заңдары» тақырыбына кластер құру. 3.Есеп шығару. 4.Бағалау.	Оқушыл «Инсерт» әдісі арқылы жаңа тақырыпты меңгереді. Тақырыпқа байланысты есептер шығару. Мадақтау, қолпаштау сөздері: тамаша, керемет, жарайсын.
<b>Ой толғаныс</b>	«Көңілді түсті ұяшықтар» (ұяшықтарды таңдап, оларда жасынынған сұрақтарға жауап береді) 1.Қызыл түс. Ньютон бірінші заңының тұжырымдамасы. 2.Көк түс. Ньютон екінші заңының формуласы. 3.Жасыл түс. Ньютон екінші заңының тұжырымдамасы. 4.Күш дегеніміз не? 5.Ньютон үшінші заңының тұжырымдамасы.	Экранда берілген ұяшықтарды таңдап сұрақтарға жауап береді.
<b>Қорытынды</b>	1.Бағалау 2. Үйге: Ньютон заңдары 3.Кері байланыс	Оқушы өзін бағалау парағына бағалайды. Оқушы ненің ұнағанын, не үйренгендерін, нені үйренгісі келетіндерін, не ұнамағанын стикерге жазу.

#### **Әдебиет:**

- 1.Ж.Жанділдаева. Инклюзивті білім беру мазмұны // Қазақстан мектебі, 2011. -№7, 60-61 Б.
- 2.К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай?//Мектептегі психология, 2010. - №5,18-20 Б.
- 3.Дзюбаева Т.В., Бердалина А.У., Хафизова К.М. Особенности обучения в классах ЗПР // Психология в школе 2010. -№5(29) 34-37 Б.
- 4.Ахмедалиева, Д.У. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру // Әлеуметтік педагог, 2010.-№1,15-17 Б.

**Бекмуратова С.Қ.**  
математика пәні мұғалімі  
№7 мектеп-гимназиясы»КММ  
«Бейімбет Майлин атындағы  
Рудный қ.

#### **Инклюзивті білім беруде жаңа педагогикалық технологияны тиімді пайдалану**

Инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Педагог

қызметкерлер дамуындағы кемшілігі бар баланы өзімен қатарлас дені сау балалармен бірдей спорттық сайыстарға, түрлі байқауларға қатыстыру арқылы өмірге құштарлығын, танымдық қабілеттерін дамытады. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқу әдістемесін өзгертеді. Математика пәнін оқытуда озық технологияларды пайдаланудағы мақсатым – оқушыларға білім беру процесінде көмектесу. Оған: оқыту бағдарламалары, оқытуда қолдануға арналған электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары мен тестік, өзіндік жұмыстар ерекше орын алады.

Мүмкіндігі шектеулі баланы қатарға қосу, әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруда АКТ – ның барлық мүмкіндігін пайдаланамыз. Өз тәжірибемде денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушыға математика пәнінен білім беруде АКТ-ны қолданып жүрмін. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тыңдап көрсетуге болады. Тақтаға жазып түсіндіргеннен тиімді әрі әсерлі. Жаңа тақырыпты өту барысында формулалар, графиктерді презентация арқылы көрсету уақытты үнемдейді. Тапсырманы орындағаннан кейін оқушы дұрыстығын компьютер арқылы тексереді жіберген кемшіліктерді көреді. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды. Осылайша жаңа технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады. Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Жаңа ақпаратты құралдарды қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- сабақта пайдаланылатын көрнекілік санын арттырады ;
- оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- оқушыға білімді жеңіл меңгеруге көмектеседі;
- жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- оқушының есте сақтау , есту, көру, ойлау қабілеттерін дамытады;
- өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастырады.

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, сабақтарымда ойын әдіс –тәсіл дерін қолданамын, мүмкіндігі шектеулі балалармен көбінесе ойын арқылы жұмыс жасаған тиімді. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады. Сабақта суреттерді, сызбаларды, кестелерді пайдалана отырып, «Айырмашылығын тап», «Сәйкестендір», «Артығын тап», ойындары арқылы математика сабағына қызығушылығын оятамын, математикалық ұғымдарымен таныстыру мақсатында «Домино», «Ребустарды шешу» ойындарын ұйымдастырамын.

Инклюзивті оқытуда мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу туралы білу және жаңа технологияларды игеріп, оқушы танымы мен қызығушылығын арттырып, ақпараттық–коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың өздерін қоғамның толыққанды мүшесі сезуіне жол ашады. Жас ұрпақ арасында толеранттылықты дамытып олардың өзін-өзі бағалай білуіне, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға мүмкіндік береді. Ал балалардың өмірге деген құштарлығын білімен бірге арттыру жолында педагогтың рөлі зор.

Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Бұл “Ұстаз” атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 2007 ж.
2. Еркебаева Г.Ф. / Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
3. Смирнова С.А. / Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2006.
4. Халықова К.З., Абдулқәрімова Г.А. /Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2007.
- 5.«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы.
6. «Мектептегі психология» журналы №7, 2014 ж.

### **Инклюзивті білім беру - өмір қажеттілігі**

Елбасы Н.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз.

Қазақстан Республикасы білім беру саясатының құзырлы міндеті – білім беру сапасын көтеру және халықтың барлығы үшін сапалы білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай, қазіргі таңда елімізде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру жүйесіне енгізу басты міндеттердің бірі болып отыр. Бұған қазіргі таңда Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балалардың басқалармен теңдей білім алуға құқылы болуына кепілдік беретін “Бала құқықтары туралы Конвенция” (1989), білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы білім беру және жағдайын реттеу үшін “Саламандық декларация” (1994), 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы, ҚР «Білім туралы» Заңы дәлел. Еліміздің «Білім туралы» заңында: «Мемлекет өз тарапынан ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың дамуы мен білім алуын, сонымен қатар дамуындағы және әлеуметтік бейімделуіндегі бұзылыстарын түзетуін қамтамасыз ету және ата –аналардың балалардың мүмкіндігі мен ерекшеліктеріне орай қалауы бойынша білім беру мекемесін таңдау құқығы бекітілген», – делінген. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында дамуы ерекше білім беруді қажет ететін балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қортындысына сәйкес, арнайы түзете оқыту мекемелерінде және мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде тегін оқуға құқылы екені айтылған.

Дәл осы мемлекеттік бағдарламада аталмыш балаларды мүмкіндіктеріне қарай жалпы білім беру жүйелеріне енгізу, инклюзивті білім беруді жетілдіру қарастырылған. Тәуелсіздік жылдарының алғашқы күндерінен бастап еліміз өз ішіндегі жаңашылдықтарды басқа дамыған елдермен қарым-қатынас жасау арқылы дамытып келеді. Әлемдік жаһандану үрдісі еліміздің экономикасына ғана емес, білім беру жүйесіне де оңтайлы әсерін тигізіп, білім беру жүйесіндегі талаптар мен міндеттерді күшейте түсті. Осыған орай, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мәселесі де ілгері қадам басып келеді. Арнайы білім мен жалпы білім беру сияқты педагогикалық екі жүйе бүгінгі күнге дейін өз функциясын орындап, автономды түрде дамып келгені белгілі. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуді арқау еткен екі жүйенің тоғысатын жері де осы мақсаттары еді. Еліміздің ереше білім беру қажеттілігі бар балаларға деген көзқарасы уақыт талабына сай, онсыз да қоғамнан оқшау жүретін ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен мүмкіндіктерін есепке ала отырып оқытуға қарай ойысты.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе инклюзивті білім беру. Балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне қатыстыру қажет. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы/тәрбиеленуші дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-

2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Демек, инклюзивті оқыту негізінде ереше білім беруді қажет ететін балаларға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру мақсаты жатыр. Аталмыш категориядағы балаларға: есту, көру қабілеті зақымдалған, зияты зақымдалған, тірек –қимыл аппараты зақымдалған, сөйлеу тілі зақымдалған балалар, т.с.с жатады. Осы бағытта ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты дамыған балалармен қандай жолмен, қандай әдіспен кіріктіріп оқытуды білу мен аталмыш бағыттағы сапалы мамандарды даярлау өте маңызды мәселе. Ол үшін бұл саладағы шетелдік тәжірибенің тиімді тұстарын ескере отырып, отандық тәжірибемізбен ұштастырып, аталмыш бағытты оңтайландыру қажет.

Бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сол азаматты балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жәйлі сезіну үшін қолайлы атмосфера қалыптастыру – білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуында қазіргі заманға сай моделін құрудың басты бағыты – бұл білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдайларды жасау. Жоғарыда көрсетілген мәселелер мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім беруде әдістемелік ұсынымды әзірлеуге түрткі болды. Әдістемелік ұсынымның мақсаты: инклюзивтік білім беру кезінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды инклюзивті білім беруде енгізуге көптен күш жұмсалуда. Сол себепті, мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

#### **Әдебиет:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің № 1118 Жарлығы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» - Астана, 2010.- 7 желтоқсан.

2. Материалы всемирной конференций «Саламанская декларация о принципах, политике и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями». - Испания, Саламанка, 1994.- 7-10 июня

3. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.

4. Р.Б. Каримова «Основные проблемы и задачи инклюзивного образования в РК» // Журнал «Открытая школа».

5. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

6. «Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамалығы» Республикалық әдістемелік журналы

7. «Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің мәселелері мен даму бағыттары». Г.А. Абаев, Э.Т. Мукажанова, Ғ.А. 2012

8. «Ақыл –ой дамуы ауыр және терең бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру және жеке дамыту бағдарламасы» Р.А. Сүлейменова, Г.А. Ильмурадова, А; 2010

***Гернер С. П.***

магистрант специальности  
Педагогика и психология  
кафедры Социально-педагогических  
дисциплин Кокшетауского университета  
имени Абая Мырзахметова  
г. Кокшетау, Республика Казахстан

***Лепешев Д. В.***

кандидат педагогических наук,  
профессор, академик АПНК  
Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова  
г. Кокшетау, Республика Казахстан

### **Современные проблемы обучения студентов с особыми образовательными потребностями с использованием ИТ технологий**

Современные социально-экономические условия в Республике Казахстан, повлекли за собой модернизацию сферы образования ее выход на международное образовательное пространство, где особое значение и интерес вызывает проблема образования детей с особыми образовательными потребностями. Получение образования детьми с особыми образовательными потребностями (ООП – далее по тексту) является одним из основных и неотъемлемых условий их успешной социализации, обеспечения полноценного участия в жизни общества, формирования личности и жизненной траектории самореализации в различных видах профессиональной и социальной деятельности.

Актуализированная в современном обществе проблема применения информационных образовательных технологий и электронных образовательных ресурсов в процессе профессионального образования определяет необходимость обсуждения возможностей, условий, форм и правил их использования в работе с особыми группами обучающихся, имеющих ограничения функций жизнедеятельности и нуждающихся в создании особых образовательных условий [1].

Как технология может упростить образовательный процесс для учащихся с ООП?

Сегодня, благодаря прогрессу в IT-индустрии цифровые технологии становятся легко доступными и широко распространенными, что позволяет предоставить абсолютно новые возможности получения образования. Специальная технология позволяет повысить самостоятельность конкретного студента, освобождая его от постоянной необходимости непосредственного участия преподавателя. В результате, учащийся может выбрать скорость обучения, которая удобна для него, что приводит к более персонализированному обучению. Студент не тормозит процесс обучения для всей группы, что позволяет снизить уровень тревожности, которая играет значительную роль в обучении. Внедрение технологий в специальное образование позволяет упростить коммуникацию и повысить академические навыки студентов с ООП [4].

Компания Edmentum, обладающая глубоким опытом в создании электронных образовательных решений, отмечает следующие преимущества использования технологий в специальном образовании: «Технология позволяет расширить аудиторию с помощью индивидуальных учебных мероприятий, что позволяет обеспечить большую гибкость и дифференциацию в обучении. Учителя могут использовать технологии, чтобы предложить различные возможности обучения и подходы, которые привлекают, обучают и поддерживают студентов специального образования с множеством тактик, предназначенных для обращения к отдельным учащимся».

Сегодня уже известно большое количество способов, как технология может помочь студентам с особыми потребностями [3]. Например, некоторые виды инвалидности не позволяют студентам использовать рукописный текст, который является неотъемлемой частью «традиционного» образования. Технические средства, предназначенные для распознавания и синтеза человеческой речи, сотрут необходимость использования бумаги и ручки во время занятий. Такая технология была бы также полезна для студентов с нарушениями, которые не позволяют правильно обрабатывать визуальную информацию.

Приложения для чтения с экрана, такие как JAWS наряду со специально разработанными клавиатурами Брайля, позволяют студентам с проблемами зрения использовать компьютер.

Современное программное обеспечение позволяет минимизировать усилия, необходимые для того, чтобы сделать шаг навстречу особенному студенту. Веб-решения помогают участвовать в образовательном процессе наравне с другими студентами.

Из-за некоторых форм инвалидности учащиеся с особыми потребностями могут сталкиваться с проблемами, связанными с перемещением на большие расстояния. Веб-решения для обучения позволяют предоставлять образовательные услуги с учетом интересов студента и образовательных организаций. Задача состоит в том, чтобы предложить студентам простые в использовании и интуитивно понятные инструменты и программы, планирования и отслеживания академического прогресса [2].

Легкие и интуитивно понятные веб-приложения для чата позволяют создавать онлайн-классы, которые помогают студентам с ограниченными возможностями общаться друг с другом и преподавателем. Такие виртуальные классы позволяют как учащимся, так и преподавателям из разных уголков мира участвовать в живых занятиях. Низкая стоимость такого подхода к образовательному процессу является одним из его главных преимуществ. Все, что требуется-это ноутбук или планшет с выходом в интернет.

Примером решения всех этих проблем является XB Chat - понятное веб-приложение для общения с возможностью проведения аудио / видео и текстовых бесед. Чат-комнаты, рассчитанные на пять пользователей, позволяют читать лекции для небольших групп студентов. В случае необходимости проведения индивидуальных занятий преподаватель или студент может инициировать новый личный чат. Используя функцию совместного использования экрана, учитель может демонстрировать презентации всему классу. Приложение также позволяет записывать уроки.

Еще одним положительным моментом, использования информационных технологий, является возможность участия студентов в социокультурных мероприятиях в интернет-формате. Например, это участие в молодежных конференциях, посещение клубов, встречи с интересными людьми, участие в различных интеллектуальных интернет-играх, online-олимпиадах и т.д. Такой формат организации социокультурной жизни студентов с ООП позволит обучающимся приобрести новый социальный опыт, даст им возможность быть более адаптированными, увеличивая их реабилитационный потенциал.

Электронные образовательные ресурсы и информационно-коммуникационные технологии позволяют персонализировать предоставляемую информацию, развивать личностные качества



студента, расширить проблематику обсуждаемых в ходе общения вопросов, направить учащихся на саморазвитие и самообразование [5].

**Вывод.**

Использование технологий в специальном образовании помогает преодолеть барьеры для людей с особыми потребностями и обеспечить им доступ к наиболее актуальным образовательным программам. Технологии помогут обеспечить студентов индивидуальными учебными мероприятиями, позволяя достичь большей гибкости и дифференциации в образовательных методологиях. С помощью современных технологий, преподаватели смогут адаптироваться к возможностям конкретного студента с минимальными усилиями и выбрать одну из десятков доступных тактик обучения, предназначенных для удовлетворения потребностей отдельных учащихся.

Таким образом, правильно подобранные и разработанные программные и аппаратные средства позволят студентам расширить доступ к образовательным массивам культурно-исторических и научных достижений человечества, развивая способности ориентироваться и адаптироваться в современном обществе.

### **Литература:**

1. Лепешев Д.В. Современные социально-философские подходы в области инклюзивного образования: международный и казахстанский опыт внедрения. Монография. – Алматы: АПН Казахстана, 2016. – С. 129–155.

2. Сербин В.В. Дистанционное обучение детей-инвалидов на дому: организационные основы. 1 часть (монография). - Алматы: ННПЦ РК, 2014. – С. 36–55.

3. Туйбаева Л. И. Информационные технологии как способ реализации дифференцированного подхода в условиях инклюзивного образования //Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – С. 45.

4. Современные педагогические технологии в обучении детей с особенностями психофизического развития: учеб.-метод. пособие / сост. Н.В. Савенок. – Мн.: АПО. – 2006. – 127 с.

5. Современные информационные технологии как средство создания среды для развития личности ребёнка с особенностями психофизического развития: Материалы республиканского практического семинара, сентябрь 2007. – Алматы. – С. 58

## **СЕКЦИЯ № 5**

### **Қосымша білім беру мекемелерінде инклюзияны іске асыру ерекшелігі**

#### **Специфика реализации инклюзии в учреждениях дополнительного образования**

**Сағындық М.Қ.**

*«Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған № 1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ-нің ұйымдастырушы-педагогы*

### **Қосымша білім берудің заманауи аспектісі**

Қазақ халқы айтпақшы, «балалы үй – базар» екені, бала бар жерде күнде мереке екені айтпаса да түсінікті. Әр баланың тағлымды өмір сүріп, үлкен теңізде еркін жүзуі үшін ата-ана мектеп қабырғасында сіңіріп жүрген ілім мен білімін қадағалағаны қоғамда өте маңызды. Бүгінгі таңда

қосымша білім беру жүйесінің өзектілігі, балалардың түсіну қабілеттілігін арттыру мақсатында үлкен рөл атқарады.

Сол себептен, заманауи қосымша білім беру жүйесінің негізгі мақсаты әр баланың мүмкіншілігіне баға беріп, оқу жүйесінің озық үлгісімен және әлемдік ғалымдардың талдау сараптамаларымен санасып, үлкен ізденіс арқылы сапалы білім беру болып табылады. Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда балалардың қосымша білім беруді дамытудың негізгі мақсаты оның қажеттілігімен анықталады және де осы біздің әлеуметтік саясаттың маңызды бағытымыз екендігі сөзсіз. Еліміздегі қосымша білімнің дамуы білім беру саласын модернизациялау деңгейіне көшу қажеттіліктерімен байланысты.

Қосымша білім беру – міндетті оқу пәндері бойынша үлгерім деңгейіне қарамастан, баланың қабілеттеріне сәйкес табысқа жетуін қамтамасыз етуі тиіс. Өсіп келе жатқан адамның ересектер әлемімен жан-жақты дұрыс бағытта тануы маңызды. Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы – оның тәрбиесі демекші қосымша білім берудегі заманауи аспектісі ретінде отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы алтын ұясы екендігін естен шығармаған жөн.

Баланың тәрбиелі болып өсуіне отбасы мен өскен ортасының тигізетін әсері мол. Бала бір нәрсе бүлдірсе оның себебін анықтау басты міндет. Балаға басқа қолданатын еш шара қалмаған жағдайда ғана жазалауға болады. Ол өзін не үшін жазаланғаныңызды міндетті түрде түсінуі, басқа біреудің кінәсін балаға жаппау сіздің міндетіңіз. Тез ашуын тырнадан аладының кебін киіп, себепсіз ұрып-соқсаңыз, бала тек ызақор, кекшіл етіп тәрбиелейтініңіз анық.

Былайша айтқанда пайдасынан зияны көп болады. Сондықтан отбасыдағы тәртіп, балаға беріп жатқан тәлім-тәрбие қосымша білім берудегі заманауи аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Осы орайда, біз Жапон халқы да «баланды бес жасқа дейін патшаңдай күт, он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, ал он бестен кейін досыңдай сыйлас» деген тәрбие негізін берік ұстанатынын білеміз. Жапондар бала тәрбиелеуде «ұл», «қыз» деп бөлмейді. Екеуін де қазақ халқы сияқты еркелетіп өсіреді. Күншығыс елі мен қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі бір ұқсастық – ер баланы ел қорғаны, қыз баланы келешек отбасы ұйытқысы болуға баулу. Баланың индивидуалды оқыту ол ерте кезден оң шешімін көрсететінін анықтаған халықпыз. Көптеген ақын жазушыларымыз ауыл молдаларынан білім алып, ел тізгінін ұстар көсемдікке жеткен.

Сонымен, біз негізгі аспектілерді тізіп көрсетер болсақ.

1. Отбасыдағы әлеуметтік және толық құрамымен таныс болу
2. Отбасыдан сіңіріп жатқан тәрбиесін қадағалау
3. Қоршаған ортадағы ара-қатынасы мен байланысын қадағалау
4. Жеке тұлға ретінде өсу жолдарымен таныстыру
5. Әр баланың мүмкіндігіне қарай, озық және заманауи бағыт бағдарларды қолдану.
6. Баланы – өнерге баулу арқылы, жаман әдеттер мен қасиеттерден арылту.
7. Дарынды балалардың қабілеттерін шыңдап байқауларға, фестивальдарға қатыстыру.
8. Этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Осы аспектілердің біріне сүйене кетсек, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында орналасқан «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған № 1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ-індегі жыл қатарынан *«Жас жайдарманыш»* үйірмесі жұмыс істеп келеді.

Бұл үйірменің негізгі мақсаты ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларда білімін, өнерін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, жан-жақты дамыту.

Үйірменің міндеттеріне тоқтала кетер болсақ, оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып үйірмені тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу. Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету. Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру. Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін қалыптастыру. Сапалы білім берумен қатар өнерге баулу, үйрету аса қажет. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймыз. Жайдарман ойыны өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейірімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүниетанымын қалыптастырып үйрету. Бұл үйірме оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты 3-9 сынып аралығында оқитын оқушыларға арналған.

Ендігі кезек нәтижелерді бақылау және бағалау бағытына көз жүгіртсек:

- 2017 жылдың 6 қазаны «Маусымашар-2017» қатысып ¼ финалға жолдама алдық.
- «СҚО әкім кубогы» Республикалық фестиваліне қатысып ынталандыру сыйлығына ие болдық.

- ½ финалына жолдама.
- 2018 жылдың ақпан айында Астана қаласында Қазақстан КВН одағының ұйымдастыруымен өткен «Маусымашар-2018» фестиваліне қатыстық.
- «Наурыз кубогы-2018» фестивалі және М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ашық жайдарман мектеп лигасының ВИЦЕ-ЧЕМПИОН атағына жетіп 2 орын иелендік.
- «Көктем кубогы» фестивалінде III орын иегерлерін алып «Нептун» аквапаркіне шомылуға жолдама алдық.
- «СҚО әкім кубогы» жүлдесінде КІШІ КУБОК иегерлері.
- Астана қаласында «Маусымашар-2019» фестиваліне барып сайысқа түсіп келдік.
- «Наурыз кубогы – 2019» фестивалі және М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ашық Жайдарман мектеп лигасының 3 орын иегерлері деген атқа ие болдық.
- Қазіргі таңда СҚО ашық Жайдарман лигасының жартылай финалындамыз.

Қосымша білім беруді педагогінің басты міндеті алдына келген әр баланың бойларындағы жылт еткен жақсы қасиеттерін ашып, қызығушылықтарын оятып, жүректеріне иман мен болашаққа деген сенімін орнату.

Арнайы мүмкіндігі шектеулі мектептің дарынды балалары ел қатарлы өнер көрсетіп, сахнада өзін өзі еркін ұстап, өнерге баулу арқылы мәдениеттілікке, тәрбиелікке, сұлулыққа, адамгершілікке, жалпы рухани құндылықтарды үйренеді. Бұл мектеп қабырғасында баланың таным көкжиегін кеңейтіп, шешендік өнер, тіл тазалығына ерекше көңіл бөлінеді. Әр балада көрінбей жатқан өнердің ұшқыны болады. Ата-ана мен ұстаздардың міндеті – сол ұшқынды жарқыратып жаға білу. Балалардың болашағына бей-жай қарамай, бұлақтың көзін ашып, өнерін ұштауға талпыныс жасау үлкен жеңіске әкелері сөзсіз.

#### **Әдебиет:**

1. Ғ.Жұматов «Өнегелі өмір», Қазақ университеті баспа үйі, 2004 жыл
2. К. Сұлтанов «Орта мектепте өткізілетін педагогикалық практиканы ұйымдастырудың әдістемелік нұсқасы», Қазақ университеті баспа үйі, 2011 жыл

**Яковенко А.А.**  
*педагог дополнительного образования*  
*РУОЦ «Балдаурен»*

#### **Техническое направление дополнительного образования в работе с детьми с особыми образовательными потребностями**

